

«Қ.О.БІТІБАЕВА МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ»

2021жылдың 26 ақпанында «Білім беруді жаңғырту орталығының» әдіскері Жанар Сейтахметқызының ұйымдастыруымен мен №64 мектеп-лицейіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Қ.О.Бітібаева мұрасы – қазақ әдебиетін оқытудың шамшырағы» тақырыбында қалалық онлайн вебинар өтті.

Семинардың мақсаты – Қ.О. Бітібаеваның қазақ әдебиетін жүрегімен сезінуге, оны оқыту мәселелерін жан-жақты талдауға арналған еңбектері мен жаңашыл көзқарастарын ұстаздар қауымына кеңінен насихаттау. Кең ауқымда өткен семинар барысында пән мұғалімдері өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

1. Абайдың лирикасын оқытуда Қ. О. Бітібаеваның «Саралап-даралап оқыту» технологиясын қолдану
Нұр-Сұлтан қаласы, №64 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шотпаева А.Б.
2. Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде Абайдың «Масғұт» поэмасын оқыту жолдары
Нұр- Сұлтан қаласы, №64 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жусупбекова Д.Б.

3. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» шығармасын оқытуда

Қ. О. Бітібаеваның технологиясын қолдану

Нұр- Сұлтан қаласы, №64 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Букенова Гаухар Асканбековна.

4. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқытуда Қ.Бітібаеваның іс-тәжірибесін қолдану

Нұр-Сұлтан қаласы, №64 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Нұрғожина Сәуле Елтайқызы. Бітібаева Қанипа Омарғалиқызы – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалім, білім беру ісінің қайраткері. Елордамыз Астана қаласындағы №64 мектеп-лицейінде Қ. О. Бітібаева атындағы ғылыми-практикалық зертхана 2011 жылдан бастап жұмыс істейді. Зертхананың ашылу салтанатына Хан апамыздың өзі қатысып, қызыл лентаны қию құрметі де өзіне бұйырған еді. Сол уақыттан бастап зертхана өз жұмысын жалғастырып келеді. Оқушының әдебиет әлеміне қызығушылығын, сүйіспеншілігін оятып, шығармашылықпен жұмыс жасауына түрткі болатын ол – мұғалімнің ізденісі, әдіс-тәсілі, кәсіби шеберлігі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шотпаева А.Б., қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда, оның ішінде ұлы Абайдың шығармашылығын әр қырынан танытуда түрлі озық технологияларды қолданатынына тоқталды. Осы орайда, мектепте Абай шығармашылығын оқытуды арнайы қарастырған бізге белгілі бірден-бір

еңбек – Қ.Бітібаеваның оқу құралдары. Ұстаз 5-8 сынып арасындағы ақын шығармашылығын оқытудың бағдарламасын бере отырып, оны танытудың тың технологиясын, жолдарын саралап көрсетеді. Абайдың даналығын, даралығын танытуда оқытудың тиімді жолдарын, поэтикалық талдау үлгілерін ұсынады. Алтынгүл Бахреденқызы ұстаздың оқыту технологияларының бірі – «Даралап, саралап оқыту технологиясына» тоқталып өтті. Саралап – даралап оқытуда инновациялық жазба жұмыстарының түрлеріне сабақ үлгілерінен мысалдар келтірді: Шығарма-толғау, шығарма-сезім, сыр-толғау, жыр-толғау, ой-толғаулар — барлығы да шығармашылық жұмыстардың тиімді түрлері. «Адамға керек жақсы қасиет..», «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма», «Біреу үшін үйренсең, Біреу білмес, сен білсең, Білгеніңнің бәрі – тұл» тақырыптарында шығармашылық жұмыстар жазғызуға болады.

Мұғалім қолдауын қажет ететін оқушыға: Абай айтқан бес асыл істі жалғастырып, он асыл іс ұсынсаң, сен қандай жақсы қасиеттерді қосар едің? Дәлелдеп жаз.

Қабілеті жоғары оқушыға арналған тапсырма:

Жақынның сөзін тыңдаған дұрыс па, дұрыс емес пе? Өлеңмен байланыстырып пікір жаз.

Жақынның сөзі тәтті деп,

Жақыным айтты дей көрме.

Надандықпен кім айтса,

Ондай түпсіз сөзге ерме.

Технологияның маңыздылығы:

1. Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі.
2. Бос отырған оқушы болмайды.
3. Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады.
4. Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады.
5. Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Қзақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Динара Батырқызы Жусупбекова, Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясына тоқталып, ұстаздың әдіс-тәсілдерін өз сабағында тиімді қолдануы оқушыларының шығармашылық қабілеттерін шыңдауына апаратын жол екендігін атап өтті. Қ.Бітібаева «Әдебиет пәні баламен нағыз қарым-қатынастың пәні, баламен нағыз достықтың, ынтымақтастықтың пәні» деген. Әдебиет – көркем сөз өнері. Әдебиетті сүю, қызығып оқу – жай сауаттылық емес, ол - шабыт, үлкен даналық. Әдебиет пәні – адам тәрбиелеудің ең басты құралы. Бағдарлама үш деңгейден тұратын оқыту мен үйренудің тәсілінен: 1) Қызығушылығын ояту; 2) Мағынаны тану; 3) Ой-толғаным кезеңдерінен тұрады. Ойлау, оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау сияқты іс-әрекет арқылы жүзеге асатын бұл технологияның да өз талаптары және тиімділігі бар. 1. Оқушының ойы анық, пікірі жетік болу. 2. Оқушы бар ынтасын оқуға бағыттала отырып, өзі де

тыңдап өзгені де тыңдата біледі. 3. Топпен, жеке оймен бөлісе отырып, белсенді іс-әрекет арқылы ортақ шешімге келеді. 4. Оқушылардың жеке өзіне деген жауапкершілігі артады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Буkenова Гаухар Асканбековна Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» шығармасын оқытуда Қ. О. Бітібаеваның технологиясын қолдану бойынша өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті. Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі 1889 жылдары жазылған. Өлең әрқайсысы алты тармақтан тұратын бес шумақтан құралған. Бұл өлеңді ақынның өз оқырманымен сыр-сұхбаты деуге келеді. «Көкірегі сезімді, тілі орамды жастарға» сөз өнерінің қадір-қасиетін таныту, «сырын ұғындыру» мақсатынан туған. Мұнда ақын сөз өнерінің құдіретін зерделейді. Өлең «әсіре қызыл», жылтыр сөзбен ғана шырайлы болмайтынын, әділет пен шынайылықты жеріне жеткізе айтқанда, құнарлы ой «сырты алтын, іші күміс сөз жақсысына», «түбі терең» мағынаға айналғанда ғана ел көкейіне қонатынын түсіндіреді. «Сөз айттым «Әзірет Әлі», «Айдаһарсыз», Мұнда жоқ «алтын иек, сары ала қыз», деп өзінің айналасындағы шығыс үлгісіндегі қисса-дастандарға әуестеніп, тым әсірелеп жырлаған Көкбай, Әріп сияқты ақындарды қағытады, ағалық сынын айтады. Абай ақын шәкірттеріне өлең тілін түсінікті және жинақы қылуды насихат етеді. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деген ақын өлең туралы терең таным мен тың ой-түсінік қалыптастырды, үлгілі өрнек қалдырды.

Төмендегі кестені толтырыңыз. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» және «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдерін салыстырып, талдап, кестені толтырыңыз.

Өлең атауы	Өлең қандай болуы тиіс?	Өлең қандай болуы тиіс?	Өлең кімге арналуға тиіс?

Проблемалық сипаттағы сұрақтар:

Өлеңдегі «әсіре қызыл» деген не?

Ақын не айтпақшы болған?

«Өнердің қор болуы», «түбі терең сөз артық» деген ойды қалай түсінесің?

№64 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Нұрғожина Сәуле Елтайқызы «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқытуда Қ.Бітібаеваның іс-тәжірибесін қолдану» атты баяндамасында өз сабақтарында ұлы ұстаздың технологиясын қолданудағы тәжірибесімен бөлісті Қанипа Бітібаева өз еңбектерінде қазіргі нәтижеге бағытталған білім беру кезеңінде әдебиетті оқытудың теориясы мен әдістемесін, технологиясын ғылыми тұрғыда жазып кеткен ғалым ұстаз.

Оқу мақсаты:

11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну

Сюжеттік – композициялық талдау

1. Оқиғаның басталуы
2. Дамуы
3. Шиеленісуі
4. Шарықтау шегі

Тарау	Кейіпкерлері	Басты оқиғалар	Абай іс - әрекеті
Қайтқанда			
Қат – қабатта			
Жолда			
Шытырманда			
Бел – белесте			
Өрде			
Қияда			

5. Шешімі

Әдістің тиімділігі:

Сюжетте қатысқан кейіпкерлер қамтылады;

- Композициялық талдаудан негізгі оқиғалар артық болуы;
- Басты кейіпкердің оқиғаға қатысты дараланып ашылуы, бөлім бойынша өзгеруі;
- Талдау барысында шығарманың толық кітаптың мазмұны меңгеріледі;
- Бөлім бойынша құндылықтардың анықталуы;
- Бір бөлім арқылы жан - жақты талдау жасайды;
- Уақыт шектеулі болса да, бөлімді толық меңгереді;

Мәтінмен жұмыс жасауды дамытады

Семинар өз дәрежесінде өтті. Қатысушылар баяндама дайындап, озық тәжірибелерімен бөліскен пән мұғалімдеріне өз алғыстарын білдірді. Пікірлер білдіру бөліміне кері байланыстарын қалдырды. Жас мамандарға семинардың берері көп болды деп ойлаймын. Себебі, жұмыс соңында жас мамандар Қ. О. Бітібаеваның оқыту технологиясын жан-жақты меңгерсек деген тілектерін білдірді. Шығыс Қазақстан облысындағы әріптестермен тығыз байланыста жұмыс жасау ұсынылды.

Қорытындылай келе, ұтымды әдіс-тәсілдерін басшылыққа ала отырып, сабақ үрдісінде қолдана білген Қ.О.Бітібаеваның технологиясы ұстаздарға таптырмас тәсіл. Сабақты жан-жақты ойластырып, уысында ұстай білген адамның ұтары көп.

Қ.О. БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ АБАЙДЫҢ «МАСҒҰТ» ПОЭМАСЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жүсіпбекова Динара Батырқызы, С.Қожанов атындағы
«№64 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа

Баяндамада қазақ халқының танымал мұғалімі, педагог-әдіскер, профессор, Қазақстан Білім беру ісінің құрметті қызметкері Қанипа Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы технологияларының өміршеңдігін баяндайды. Қазақ аудиториясына сай жасалған әдістеменің басты ерекшелігіне тоқталады. Абай шығармаларын оқытудағы әдістерін қолданған өзінің тәжірибесімен бөліседі. Қанипа Бітібаева енгізген әдебиетті оқыту әдістемесін ұлттық педагогика негізінде жасалған технология деп баға береді.



Ұстаздың «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы әдеби айтыс, пікірлесу, диологиялық әңгіме, проблема шешу, іздену сияқты өнімді әдістермен қатар оқушылардың өз бетімен ізденуіне, зерттеу жұмысына негізделеді. Жобалау, модель жасау, оқушыларды өз беттерімен жаңа өнім жасауға бағыттау – ұстаз технологиясының ең негізгі алтын діңгегі. Оның барлығында оқушы жеке тұлға, дара субъект ретінде қабылданады. «Біздің бүгінгі күні алдымызға қоятын негізгі мақсатымыз – тілді қадірлеп, мәдениетті дамыта білетін, біздің жолымызды ары қарай жалғастырып, жетілдіріп әкететін азаматтар дайындау. Ол үшін біз тілімізді – ұлттық қазына, ал әдебиетімізді – өнер деп оқытуымыз қажет», – дейді ұстаз [1]. «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы негізінде Абайдың «Масғұт» поэмасын оқыту жолдарын қарастырып көрейік.

Жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде 10-сыныпта Абайдың «Масғұт» поэмасына бір сағат берілген.

Сабақ мақсаты: 10.3.2.1. Көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру.

Ұлы Абайдың «Масғұт» поэмасының мазмұнын меңгерту барысында Қыдыр шалдың Масғұтқа ұсынған үш алмасының (байлық, ақыл, әйелдер достығы) қайсысын таңдағаны дұрыс, Масғұттың орнында болсаң қандай алманы таңдар едің? Неге? деген сұрақ арқылы оқушының алдына таңдау жасау мәселесін қоямыз. Оқушы өз таңдауының себептеріне нақты дәлелдер келтіреді. Ал, мұғалім оқушыны шешім қабылдау барысында түрлі деректерді салыстыруға итермелеп қана қоймай, поэманың негізгі идеясын ашады. Абайдың гуманизмін танытады және оқушы Масғұт шындығында қай алманы таңдады деген қызығушылықпен поэманы оқуға қызығушылығы артады. Масғұт таңдаған алманы неге таңдаған себебін оқушылармен бірге талдау, оқушыны өмірді, құндылықтарды түсінуге ой салады.

Ал енді сабақ құрылымына назар аударсақ.

Білу	«Миға шабуыл» әдісі арқылы түрлі проблемалық сұрақтар қою.
Түсіну	Масғұтқа қызыл жемісті таңдату арқылы Абайдың қандай көзқарасы байқалады? Масғұттың қызыл жемісті таңдаған себебін түсіндір
Қолдану	«Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін» деген өлең жолдарын өмірмен байланыстыра отырып түсіндір
Талдау	Қыдыр шалдың Масғұтқа берген үш жемістің қасиеттеріне талдау жаса
Жинақтау	Дебат. «Жақтаушылар»: Ақылға бай, адамгершілігі мол, жақсылық жасай алатын адам, қоғамдағы әйел адамның орнын жоғарғы бағалайды, ер мен әйел теңдігін жақтайды. «Дағтаушылар»: өз бетімен ештеңе істемейді, біресе, Қыдырдың айтуымен ғана жүреді, біресе халифтің айтқанын ғана істейді, біресе көптің ыркына көнеді.
Бағалау	Поэмадағы құндылықты анықтап, баға бер

Технологияның нәтижесі

- Оқушылардың қызығушылығын туғызатын іскерлік ойындары күрделі де маңызды тапсырманы орындаудың жеңіл, оңтайлы жолын қарастырады;
- Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға, ғылыми ізденістерге жетелейді; -сауаттылыққа баули отырып, тіл дамыту үрдісі жүзеге асады;
- Алған теориялық білімін тәжірибеде өз беттерімен қолдана білуге түрткі жасайды;

- Ең бастысы, оқушылардың өз-өзін оқытуы, ойлауы, ізденуі, табуы, пайдалануы сияқты іс-әрекеттерге дағдыландырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары (Мұғалімдерге арналған құрал). - Алматы: Рауан, 1990.
3. Қ.О Бітібаева. Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы. «Дәуір-Кітап», 2012.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДАРАЛАП – САРАЛАП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ

**Шотпаева Алтынгүл Бахреденовна,
№64 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім беруді реформалау жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Осыған орай әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мұғалімдердің тәжірибесінде енгізілуде. Осыған орай, өз тәжірибемде жиі қолданып жүрген технологияларының бірі – саралап – даралап оқыту технологиясы. Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Оқушыларға тек білім берумен шектелмей, танымдық әрекетін арттырады және ойлау қабілетін, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Тәжірибенің жаңашылығы: компьютерлік технологияны қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, интерактивтік тақталарының мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру.

Тәжірибенің тиімділігі: пәнге деген қызығушылығын арттырады, оқытуда саралау және жіктеуді қамтамасыз етеді, оқушылардың танымдық процестері мен танымдық қабілеттерін дамытады, оқушылардың сауаттылығын ашуға септігін тигізеді, оқушылардың оқу әрекетінде жетістіктерге жетуіне жағдай туғызады, оқушылардың рухани бай жеке тұлға болуына қалыптасады.

Қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отыра, осы пәнді теориялық және тәжірибелік жағынан сараланған түрде даралап оқыту, сөйлестіру, жазу мәдениетін жетілдіру, өзіндік ой- пікірін дамыту.

Саралай оқыту әрекеті – білім алуға бағыттаған әрекет. Ол өз бетінше әрі мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Б. Ананьев, Л. Выготский, А. Леонтьев, С. Рубинштейн т.б. ғылымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезіндегі оқу әрекеті Ш. Аманатшвилли, В. Давыдов, Л. Занков т.б. зертеулерінде қарастырылады. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы баланың ойы абстрактіден нақтыға қарай өрлейді, ілімдік ойлауы қалыптасады. Оқушы дамуының негізгі болып табылатын әрекет, оқу әрекеті әрбір сабақтың өзегі деп түсіну керек. Саралай оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл-ой деңгейі мен белсенді әрекеті арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім алдымен олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын жалпы білім деңгейін зерттеу қажет. Бұл ерешеліктерді айқындау үшін білімді

менгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау, оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалдама., психологиялық тәжірибе жасау ата-аналарымен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақтың сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды, тағы да басқа тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал үлгірімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады. Оқыту үрдісін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай ұйымдастыру үшін оқу – тәрбие жұмысында мұғалім өзіне лайық әдіс енгізеді.

Өзіндік әдісті жүзеге асыруда мына мәселелер көзделеді:

1. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеп, типтік топтарға бөлу.
2. Оқу үрдісінің барлық сатыларында әр түрлі топтардағы оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әдістемелігін жасау.
3. Әр алуан мақсатта жеке дидактикалық материалдардың жүйесін құру.
4. Білімді бағалау, бақылай жүйелерін жетілдіру.

Оқушыларды топтарға бөлгенде олардың оқуға және жұмысқа деген қабілеті ескеріледі. Оқуға қабілеттілік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Бұл белгі бойынша оқуға қабілеті жоғары, орташа, стандартты немесе төмен деп 4 топқа бөлуге болады.

Сыныпта барлық балалардың ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан сабақ кезінде әрқайсысының деңгейіне қарай жұмыстың түрін таңда, сол тақырыпты егеру көзделсе, өте пайдалы.

Бірінші деңгей (оқытушылық деңгей) – білімнің минималдық шегі. Граммаикалық тапсырмалар, жазба жұмыстарын орындау, мәтінді түсініп оқу, жаңа сөздерді сөздікке жазып алу, сұрақтарға түсініп жауап беру.

Екінші деңгей (алгоритімдік деңгей) - үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыру күрделі материалдарды жүйелей алуы, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы, сол тақырыпты еркін меңгергені ескеріледі.

Үшінші деңгей (эвристикалық деңгей) – материалды саналы түрде меңгеру. Бұл деңгейде оқытушылардың меңгерген білімдерін тереңдету үшін танымдық ізденіс, әр – түрлі логикалық тапсырмаларды талдай, жинақтай алатын және салыстыра білуді қажет етеді.

Төртінші деңгей (шығармашылық деңгей) - өз бетімен оқу материалдарын менгеру. Құбылысты өз бетімен талдай келіп, шағын шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

Деңгейлік тапсырмалардың өзі дамытпалы түрде болады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан

бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында жарысу жағдайларын туғызады және әр оқушының мемлекеттік стандарт деңгейде білім алуына кепілдік береді. Әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары жағдай жасайды.

Деңгейлік саралау оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамыту мен қатар, оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Меселен, оқушылардың алған бағасы арнайы таблада көрсетіліп тұрады. Әр деңгейдің өз бағалауы бар. Олардың барлығы оқушылардың көз алдына тұрады. Мұның өзі білім берудегі демократия критерийлері болады.

Даралап – саралап оқытудың маңыздылығы:

- 1.Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге әкеледі.
- 2.Бос отырған оқушы болмайды.
- 3.Әркім өзінің білім деңгейін біліп, оны дамытуға тырысады.
- 4.Қиындықтарды жене білуге дағдыланады, пәнді оқып үйренуге қызығушылығы пайда болады.
- 5.Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Даралап-саралап оқытуда күтілетін нәтиже:

1. Алдына қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу.
2. Әр оқушы өз білім деңгейін, мүмкіндігі, іскерлігін біліп ғана қоймай оны дамытады.
3. Өз бетімен ізденіс дағдыларын шығармашылық қабілетті жетілдіретін, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Ерекшелігі:

1. Таланттылар өздерінің қабілеті мен икемдігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен айырылады.
2. Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Даралап – саралап оқыту технологиясы оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қабілетін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді. Оқушының білімі мен білігіндегі жетістіктерді, кемшіліктерді, олардың себептерін анықтап, мұғалім өз жұмысына талдау жасайды, оны жетілдірудің жолдарын белгілейді. Сонымен қатар даралап – саралап оқыту барысында оқушылар да өзінің оқу жұмысындағы жетістіктер мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, өз еңбегіне талдау жасайды. Ең бастысы, оқудан ләззат алуға, білім мен ғылымға деген құштарлығын арттыруға дағдыланады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі түрде орындап болғаннан кейін ғана, келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылардың арасында өзара жарысу және оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғарғы деңгейге көтерілуіне жағдай туғызады.

Сондықтан да мұғалімдерге саралап - даралап оқыту технологиясын қазақ тілі сабағында пайдаланған өте тиімді.

Мен өз іс-тәжірибемде оқушылардың өздік білімділігін қалыптастыру үшін «Ұжымдық оқыту технологиясын» да қолдануды жөн көрдім.

Осы технология оқушының қабілетін дамытуға, еңбек етуге баулып, ынтымақтастық, ұйымшылдық қабілеттерін оятуға тәрбиелейді. Өзін –өзі басқаруын қалыптастырып, байқампаздыққа таратады.

Оған мынадай басты талаптар қойылады:

- әр оқушының еңбектенуі және оның еңбегін пайдаға жарату;
- өзінің еңбегімен қоса басқаның да еңбегіне жауапкершілікпен қарау;
- өзі оқи отырып, қасындағы оқушыны да оқыту;
- серіктесінің түсінбегенін түсіндіріп көмектесу;
- әрбір оқушы кезектесіп (ауысып)не оқушы, не мұғалім болады;
- әр оқушы кезек тәртібін сақтап барлығын үйретеді, ал жұп жекеше түрде барлық мүшесін үйретеді;

Әдістеменің ерекшелігі:

- жекелеу оқыту;
- қасындағы оқушымен жұптасып оқыту;
- топпен оқыту;
- ұжымдық оқыту.

Бұл технологияның тиімділігі сол, жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан сабақтарда оқушылардың ынтымақын, белсенділігін арттыру үшін, оларға мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Оқушылардың білімін жүйелі түрде меңгеруіне және жеке оқушының қабілет деңгейлерін дамытуда “Сын тұрғысынан ойлау”, “Модульдік оқыту ” технологияларын күнделікті сабақтарымда қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау – сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті. Бастауыш сынып оқушыларының оқытуда тиімді әдістерді пайдалана арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын арттырады, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыруға болады. Бұған дейін оқушы мұғаліммен оқулыққа ғана бағынатын тыңдаушы ғана еді, енді ол сын тұрғысынан ойланып, өз ойын дәлелдей алатын. Сынып оқушылары топпен, жұппен жұмыс істей арқылы өзара пікірлесіп, ең ұтымды жауапты тауып айтуға үйренеді. Берілген сұраққа тынымсыз іздене отырып, әр оқушы өз ойын еркін айтуға, оны дәлелдеп, қорғай білуге мүмкіндігі бар.

Оқу процесін жеделдету міндетіне байланысты, орыс мектептерінде қазақ тілін үйретуінде әр түрлі әдіс тәсілдерді, методикалық құралдарды қолдану

қажеттілігі туып отырғаны белгілі. Мен бастауыш сыныптарында өзім жасаған «Дыбысты бағдаршам» деген құралды жиі қолданам. Алғашқы кезеңдерінде уақыттың тығыздығына байланысты тақырыпты қайталауға, бекітуге үлгере алмайтын жағдайлар болды. Енді «Дыбысты бағдаршамды» қолданғаннан бері уақытымды үнемдеп, бірнеше секундта сыныптағы барлық оқушының жалпы білім әсерін көремін. Жалпы сыныптың айқын білім деңгейі анықталады. Мұғалім сабақ барысында барлық оқушыларды көз аясында ұстап, әр баланың өткен материалды қалай меңгергенін біледі. Бұл құралды оқушылар мұғалімнің басшылығымен өздері жасай алады.

Екінші «Бақылау сұрау» деген құралды үлкен тақырыпты қайталау және бекіту кезеңдерінде, әрбір тоқсан соңында, немесе жыл аяғында оқушылардың қорытынды білімін тексергенде қолдану өте тиімді.

Мұндай бақылау құрал ұжымдық және топтық әрекетті пайдалана отырып жүргізгенде нәтиже береді. Тәрбиелік мағынасы өте зор - әр оқушы өз тобы үшін жауапкершілігін арттырады, өз үшін ғана емес, өз тобы үшін ынтасын көтереді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кобдикова Ж.У. «Деңгейлеп саралап оқыту»
2. Ахметов С. «Білім берудің тиімді жолдары»
3. Л. Занков, Д. Эльконин, В. Давыдов, В. Репкин, В. Левин «Дамыта отырып оқыту әдістемесі»
4. Якиманская Н.С. «Дамыта оқыту тұжырымдамасы»

**«АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫН ОҚЫТУДА
Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ**

**Нұр-Сұлтан қаласы
№ 64 мектеп -лицей
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Нұрғожина Сәуле Елтайқызы**

«Адамды заман сүйрепек...»,– деп Абай атамыз айтқандай, шетсіз-шексіз ақпараттың ағынында адам тағдыры талқыға түсер заманда өмір сүріп отырмыз. Техниканың тегеурініне табынатынымыз да рас. Сондықтан бұл заманда білікті де білімді, бәсекеге қабілетті адамдар мен мамандар ғана өз биігін бағындыра алады. «Өмір бойы білім алу – әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», – деген қағиданы Елбасымыз бекер айтқан жоқ. Сол сияқты мен де өз тәжірибемде озық әдістерді алып, сабағымды түрлендіріп отырамын. Әдебиет сабағы тамыры терең, мағынасы кең сағат. Бұл сабақты беруде Қанипа Бітібаеваның әдіс – тәсілдерін қолданамын. М.Әуезовтың шығармасын талдауда бірден – бір ұтымды әдіс деп ойлаймын. «Абай жолы» романын талдауда оқушының іздемпаздығы мен ойлау өрісін дамытады.

Сабақ:	№64 мектеп лицей	
Уақыты:	Мұғалімнің аты-жөні: Нургожина С.Е.	
Сыныбы: 11	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:
Бөлім/ сабақтың тақырыбы	Ғасырлық туынды Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1, 2-том	
Оқыту мақсатына сілтеме	11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну	
Сабақ мақсаты:	Роман-эпопеяға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну	
Талау критерийі	➤ роман-эпопеяға сюжеттік-композициялық талдау жасайды; ➤ роман-эпопеяның жанрлық ерекшелігін түсінеді.	

Құндылықтарды игерту	<ul style="list-style-type: none"> өзіне және айналадағы адамдарға құрмет; ынтымақтастық; жауапты азаматтық позиция. <p>Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса, топтаса отырып, жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу, ақпаратты өңдей білу дағдылары негізінде жүзеге асады.</p>	
Т-ны қолдану дағдылары:	Таныстырылым.	
наралық білім	Тарих, қазақ тілі, өзін-өзі тану, бейнелеу өнері	
Тілдік міндеттер	<p>Пәнге байланысты сөздер және терминдер: роман-эпопея, сюжеттік-композициялық талдау, жанрлық ерекшелік, оқиғаның басталуы, байланысы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі т.б. <u>Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер:</u> Менің байқағаным,... Менің ойымша,... Мен ойлаймын...</p>	
Алдыңғы білім	10-сынып бағдарламасы бойынша Абайдың өмірбаянымен және шығармашылығымен таныс: «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері, Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, «Масғұт» поэмасы.	
Жоспар		
Уақытты жоспарлау	Сабақ мазмұны	Дереккөздері
Басы 5 минут	<p><i>Ұйымдастыру кезеңі:</i> Қызығушылықты ояту сатысы: 2 мин <i>Топтастыру:</i> <i>Суреттер мен сызба мазмұны арқылы топтастыру.</i></p>	№ 2 таныстырылым Суреттер, сызба



Ой шақыру.
Ж. Суреттер мен сызба мазмұны бойынша сөйлейді.

Ортасы
38 мин

Мағынаны тану сатысы
Оқушыларға сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлері түсіндіріледі, талқыланады. 2 мин

ЖЖ/Т

Оқушылар сұрақты оқып, жұпта, топтарында талқылайды әрі бұл проблеманы айқындау кезеңі ретінде өткізіледі.

М.Әуезовтің «Абай жолы» шығармасы жанрлық ерекшелігіне қарай неге роман-эпопея деп аталады. Роман-эпопея дегеніміз не?

Жұпта 2 минут талқылаңыздар. Топта ортаға салыңыздар.

1-тапсырма

Роман, роман-эпопеяға тән 3 ерекшеліктерді қысқаша атап

3 –слайд

4 -слайд

5 –слайд
Кесте

**жазыңыздар, топта талқылаңыздар.
2 мин.**

Романға тән ерекшелік ік	Эпопеяға тән ерекшелік

«Өз білімді толықтыр» Ж/ ЖЖ 2 мин

Жанр түрлеріне қатысты қосымша түсінікті оқып, жұпта өзара талқылайды.

Романға тән ерекшелік	Роман-эпопеяға тән ерекшелік
Адамның жан-дүниесін, болмысын, тұтастай өмір белестерін кең ауқымда суреттейтін проза жанрының бір түрі	Эпопея (грек. еророіа – тудыру, жазу) – эпостық шығарманың бір түрі; белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемде суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін ортақ идея мен бір тақырыптың арнасында, көркемдік тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды. Осының нәтижесінде белгілі бір тарихи кезеңде немесе бір тарихи оқиғаны терең толғап, жан-жақты суреттейтін роман не

6-слайд

		<p>роман циклдері туды. Эпопеяға тән ортақ қасиет – тарихи тақырыптың терең әлеуметтік идея арнасында баяндалуы, оқиғаның реалистікпен суреттелуі, кейіпкер сипатының байсалды түрде даралануы, тіл нәрлілігі.^{[1][2]} Эпопея дәуірлік туынды ретінде бір дәуірдегі тарихи оқиғаларды екшеп алып, сипаттайды. Кең құлашты халықтық эпопея бастан-аяқ тартысқа, қарама-қарсы күштердің қым-қиғаш күресіне құрылып, осының бәрі диалектикалық қимыл-қозғалыс, өсу-өрбу, өрістеу үстінде көрсетіледі.</p>	
	<p>Сюжеттік құрылымы шытырман оқиғаларға толы әрі көлемді болып келеді.</p>	<p>Белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларының кең көлемде суреттелуі. Бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін ортақ идея мен бір тақырыптың арнасында, көркемдік тұтастықта баяндайтын прозалық кесек туынды.</p>	<p>Суреттер мен стикерлер</p> <p>7-слайд</p>

Жеке адам тағдыры арқау болады.

Жарты ғасырлық немесе бір ғасырлық қоғамдық өзекті мәселелерді қозғап, **халықтың тұрмысы мен тіршілігінен** сыр шертеді. Сондай-ақ, кейіпкер сипаты байсалды түрде дараланады.

2-тапсырма 22+5 мин.

Үш топ «Абай жолы» романының бірінші кітап, «Қайтқанда» бөлімі бойынша мақсатқа сай әр түрлі талдау жасайды.

1-топ:

Тарау	Қысқа мазмұны, ең басты оқиғалар	Жазушының көркем тәсілі	Өз ойың, пікірің
«Қайтқанда»	1. 2. 3.		

Дескриптор:

- шығарма сюжетін анықтап, талдайды;
- көркемдеуіш тәсілдерді ажыратады.

2-топ: «Пирамида» талдауы. Үш қабырғаға эпизотта берілген құндылықтарды жазыңыз

Шешімі:
Шарықтау шегі:
Шиеленісуі:
Дамуы:
Басталуы:

2.кұндылық

1.кұндылық

3.кұндылық

Дескриптор:

- эпизодтарды түсініп оқиды;
- эпизодтардағы оқиғалардың өз ішіндегі **сюжеттік дамуын** (оқиғаның басталуы, байланысы, дамуы, шарықтау шегі, шиеленісуі, шешімі) талдайды;
- эпизодта берілген үш құндылықты анықтайды.

Кері байланыс «Сұрақтар себеті»

- Тапсырмаларды орындауда қандай қиындық болды?
- Тапсырманы дескриптор бойынша толық орындай алдыңыз ба?
- Сізге топтың көмегі қажет болды ма?

Оқушылардың өзін-өзі бағалау парағы 3 мин

Критерийлер	Рубрикатор		
	Төмен	Орта	Жоғары
1-топ: Эпизодта берілген сюжетті анықтап, талдайды; Көркемдеуіш тәсілдерді ажыратады	Эпизодта берілген сюжеті мен көркемдеуіш тәсілдерді ажыратуда көптеген дәлсізді	Эпизодта берілген сюжеті мен көркемдеуіш тәсілдерді ажыратуда кейбір дәлсізді	Эпизодта берілген сюжеті мен көркемдеуіш тәсілдерді ажыратуда.

		ктер байқала ды	ктер байқала ды			
	2-топ: Эпизодта рдағы оқиғалард ың өз ішіндегі сюжеттік дамуын (оқиғаны ң басталуы, байланыс ы, дамуы, шарықтау шегі, шиеленіс уі, шешімі) талдайды. Құндылы қтарды анықтайд ы	оқиғала рдың өз ішіндегі сюжетті к дамуын анықтау да көптеге н дәлсізді ктер байқала ды. Бір құндыл ықты анықтай ды	оқиғала рдың өз ішіндегі сюжетті к дамуын анықтау да кейбір дәлсізді ктер байқала ды. Екі құндыл ығын табады	оқиғалард ың өз ішіндегі сюжеттік дамуын өте жақсы анықтады м. Үш құндылы қты да анықтайд ы		
Рефлексия 2 мин	<p>«3-2-1» әдісі Сабақта сен үшін маңызды 3 аспекті Қиындық туғызған 2 жағдай Сезіміңді білдіретін 1 сөз Үйге: роман-эпопеяның «Жолда», «Шытырманда», «Бел-белесте» бөлімдерін оқыңыз.</p>					8 -слайд

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫН ОҚЫТУДА Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ

Нұрғожина Сәуле Елтайқызы,
№64 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

11-сынып оқушыларын қазақ әдебиетінен М.Әуезовтың «Абай жолы» романын оқытуда Қ.Бітібаеваның «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» әдістемелік құралын тиімді қолданудың жолдары.

Ұстаз – ұлт болашағын тәрбиелейтін тұлға. Ұстаздың биігі туралы Сократтың сөзін еске алсақ, ол білім беру үрдісіндегі ұстаз еңбегінің ұлылығын сипаттайды. Қанипа Бітібаева – қазақ әдебиетін оқытудың теориясы мен әдістемесін ғылыми тұрғыда жүйелеген, өз әдістемелік құралдары арқылы педагогикалық инновацияларды енгізген ғалым-ұстаз. Әсіресе, оның М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын тереңдетіп оқытуға арналған тәжірибесі қазіргі заман білім жүйесі үшін құнды.

11-сыныптың оқу мақсаты: 11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну

Сюжеттік – композициялық талдау

1. Оқиғаның басталуы
2. Дамуы
3. Шиеленісуі
4. Шарықтау шегі
5. Шешімі

Сюжет - өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі - өмірлік тартыс, конфликт, кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс.

Қанипа Бітібаева «Абай жолын» оқытуда сюжеттік-композициялық талдауға ерекше мән берген. Бұл әдіс оқушының шығарманың жанрлық ерекшелігін терең түсінуіне, кейіпкерлер әлеміне енуіне, тарихи-мәдени құндылықтарды тануына мүмкіндік береді.

Тарау	Кейіпкерлері	Басты оқиғалар	Абайдың іс - әрекеті
Қайтқанда	Абай, Жұмабай, Байтас, Құнанбай, Майбасар, Тәкежан, Оспан, Бөжей, Байсал, Жиренше, Қамқа, Қодар, Жексен, Ұлжан Зере, Айғыз	1.Абайдың оқудан оралуы 2. Абайдың отбасымен сәлемдесуі 3. Құнанбайдың Абайды жиынға қатыстыруы 4.Қодар мен Қамқаның тағдыры 5.Бәйкөкше мен Барлас ақындардың ауылға келіп, қонақ болуы	1. Абайдың жолдағы қалжыны 2. Абайдың сәлемдесуі 3. Оспан мен Абайдың жүздесуі 4. Абайдың уайымы, Зере әжесінде болып ауырып қалуы. 5. Кейіпкердің екі ақынды ұнатуы

Егер романның әр бөлімін оқушы дәл осылай талдаса, шығарманың толық сюжетін көре алады.

Тарау	Кейіпкерлері	Басты оқиғалар	Абай іс - әрекеті	Құндылық
Қайтқанда				
Қат – қабатта				
Жолда				
Шытырманда				
Бел – белесте				
Өрде				
Қияда				

Қолданылған әдістің тиімділігі:

- Сюжетте қатысқан кейіпкерлер қамтылады;
- Композициялық талдаудан негізгі оқиғалар артық болуы;
- Басты кейіпкердің оқиғаға қатысты дараланып ашылуы, бөлім бойынша өзгеруі;
- Талдау барысында шығарманың толық кітаптың мазмұны меңгеріледі;

- Бөлім бойынша құндылықтардың анықталуы;
- Бір бөлім арқылы жан –жақты талдау жасайды;
- Уақыт шектеулі болса да, бөлімді толық меңгереді;
- Мәтінмен жұмыс жасауды дамытады.

Қорыта келгенде, Қанипа Бітібаеваның әдістемесі мәтінмен жұмыс жасауға, кейіпкер бейнесін талдау арқылы шығарманың мазмұнын толық меңгеруге бағытталған. Нақты бір бөлімді жан-жақты зерттеу арқылы:

- оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығы артады;
- шығарманың құрылымын терең талдауға мүмкіндік беріледі;
- оқушылардың сыни ойлау дағдысы дамиды;
- қазақ әдебиетінің құндылықтарын түсіну арқылы ұлттық тәрбие беріледі.

Қанипа Бітібаеваның еңбектері – қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуда сарқылмас қазына. Әсіресе, «Абай жолы» эпопеясын оқытуда қолданылған инновациялық әдіс-тәсілдері оқушыны ұлттық мұраға жақындатып, шығарманы жан-жақты талдауға жетелейді. Мұндай әдістер арқылы қазіргі білім беру жүйесі әлемдік деңгейдегі талаптарға сай дамуға жол ашады. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде Қанипа Бітібаеваның педагогикалық тәжірибесін тиімді пайдалану – бүгінгі ұстаздардың басты міндеті.

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай», – деп Сократ айтқандай, Егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі.

Нұр-Сұлтан қаласы
№64 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жусупбекова Динара Батыровна

Пән: Қазақ әдебиеті	Мектеп:	
Күні:	Мұғалім:	
Сынып: 10	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Бөлім	Қалың елім, қазағым	

Сабақтың тақырыбы	Абай Құнанбаев «Масғұт» поэмасы	
Оқу мақсаттары	10.Т/ЖЗ. Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау.	
Сабақтың смарт мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Шығармадағы кейіпкерлерді сипаттайды. • Кейіпкерлер жүйесін жинақтайды. • Басты кейіпкерлердің іс-әрекетін даралайды. 	
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> • көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтайды; • жекелеген кейіпкерлер іс-әрекетін даралайды. 	
Тілдік мақсаттар	<i>Гаруан-Рашид халифа заманында, Бағдат, шаһар, тысқа шығу, ұры, кез болу, бишара шал, байғұс, аттан салу, ерлік қылу, қылышпен шабу, жан сақтау, аман-есен құтылу, қарызын өтеу, жеміс ұсыну, т.б.</i>	
Алдыңғы тақырып	Абай Құнанбаевтың отыз екінші қарасөзі	
Сабақта қамтылатын білім беру құндылықтары	Ынтымықтастық Жауапкершілік Құрмет	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Іс-шаралар	Ресурстар
3 минут	<p>Қызығушылықты ояту кезеңі Сабақтың тақырыбын суреттер арқылы болжайды. Ойларын ортаға салады.</p>   	Суреттер



- Сабактың тақырыбы мен мақсаты анықталады.
- Кескіндер (ақ, сары, қызыл жеміс) арқылы оқушылар топқа бөлінеді.

10 минут

Мағынаны тану кезеңі ТЖ

1-тапсырма. Берілген сұрақтарды мұқият оқиды, топтағы оқушылар ақылдаса отырып, жауап береді (әр топқа екі сұрақтан беруге де болады).

1. Абай Құнанбаевтың шығармашылығымен таныссыз ба?
2. Сіздің ойыңызша, Абай оқырмандарына қандай шығармалар ұсынды? Неліктен?
3. «Абай Құнанбаев – қазақ әдебиетінің жаңа кезеңінің негізін қалаушы» деген тұжырыммен келісесіз бе?
4. Абайдың қандай поэмаларын білесіз?
5. Абай поэмаларындағы Ескендір, Масғұт, Әзім қандай кейіпкерлер?
6. Абай шығармаларының ұрпақ үшін құндылығы неде деп ойлайсыз?
7. Абай поэмаларының қайсысы көңіліңізге жақын? Неліктен?


10 минут

2-тапсырма. Оқушыларға «Масғұт» поэмасын көз жүгірте оқып шығу тапсырылады (Мұғалім шығарманы алдын ала оқуға бергені абзал). Оқи отырып, поэмадағы басты кейіпкерлерді анықтайды. Кейіпкерлер тізімін жасайды.

Мысалы:

Кейіпкерлер	Кейіпкерлерге мінездеме
Масғұт	
Қыдыр	

10 минут

	Хан		
	Ұры		
	Халық		
	<p>Бағалау. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» 3-тапсырма. Драманың басты кейіпкерлері Масғұт пен Қыдыр бабаға жеке тоқталып, іс-әрекеттерін даралайды.</p>		
	Екіжақты күнделік		
	Масғұт	Қыдыр баба	
	<p>Бағалау. «Табыс баспалдағы» Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • шығармадағы кейіпкерлерді анықтайды; • көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтайды; • жекелеген кейіпкерлер іс-әрекетін даралайды. 		
5 минут			
	<p>Ойтолғаныс кезеңі. Жеке жұмыс Оқушылар сабақты бекіту мақсатында берілген кестені толтырады.</p>		
	Тақырыптың өзектілігіне ұқсас шығармаларды атаңыз.		
	Автор өмір сүрген заман көрінісіне сипаттама беріңіз.		
	Ортақ мәселені қазіргі заман көрінісімен қалай байланыстырар едіңіз?		
	Поэмадағы көркемдік шешімге қандай баға берер едіңіз?		
2 минут	Кері байланыс		



Қосымша мәлімет	
<p>Саралау – көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыларыңызға қандай жоспар құрған болар едіңіз?</p>	<p>Пәнаралық байланысқа сілтеме Денсаулық және қауіпсіздік АКТ сілтемелері Құндылықтар сілтемесі</p>
<p>Рефлексия Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары шынайы болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты деген сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>

АБАЙДЫҢ «МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН» ШЫҒАРМАСЫН ОҚЫТУ

Буменова Г.А, №64 мектеп-лицей
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бұл өлеңді Абайдың «тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес, мұны ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғынуымыз керек.

М.Әуезов

Бүгінгі заманның дидары, келбеті бөлек. Жаңа ғана алған ақпаратың бірнеше уақыттан соң, өз маңыздылығын жояды. Бұндай дүбірлі дүниеде ақпараттар легіне ілесе отырып, дамудың даңғыл жолына түсу – үлкен жауапкершілік. Сондықтан да еліміз өресі биік өзгерістер мен жаһандық жаңалықтардың жаршысы ғана болмай, сол жаңалықтар мен технологиялардың жасаушысы, ойлап табушысы қызметінің эпицентрінде болуы тиіс. Бұл жайлы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек», – деген болатын. Сол үшін заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың жобалар мен идеяларды басшылыққа алуымыз керек. Отандық білім беру саласында әлемдік тәжірибелер мен ұлт жанашыры болған ұстаздарымыздың идеяларын негізге ала отырып, қазақ халқының бары мен жоғын күзететін, пайым-парасаты биік, өмір сүруге икемді, жаны жаңалыққа құмар тұлғаны тәрбиелеу – білім беру жүйесінің алдында тұрған міндет. Осы орайда, ұлт мақтанышына айналған әдіскер-ұстаз Қанипа Омарғалиқызы Бітібаеваның әдебиетті оқытудың әдістемесі мен жаңа технологиялары жаңартылған мазмұнда білім беру жүйесін жүзеге асыруда өзіндік құндылығы мен маңыздылығы бар. 6-сынып бағдарламасында А.Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін өйкенде өз іс-тәжірибемде Қ.Бітібаеваның әдебиетті оқытудағы әдістемесін оқу мақсаттарымен үйлестіріп алудағы іс-тәжірибеммен бөліскім келеді.

Қ.Бітібаева «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін сөз өткенде осы сипатта білім беру қажет дейді.

1. Қазақ әдебиетінде Абайдың ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты, сөз өнері туралы мәселе көтеруіне тоқтал.
2. Осы өлеңдегі ақынның ағартушылық, халықшылдық, демократтық, гуманистік, эстетикалық көзқарасының биікке көтерілуін түсіндір.

3.Сөз өнері, ақын, ақындық туралы жаңа эстетикалық ұстанымдар жариялағанын дәлелдей біл.

4. Абай - әдебиет, өнер сыншысы екенін түсіндір, сынының шыншылдық, реалистік сипатына дәлел келтір.

5. Ақынның сөз өнерінің қоғамдағы, халық өміріндегі орны туралы пікірін ашып көрсет.

Өлең мазмұнын игертуде негізгі түйінді ойды, қолданатын әдістемелерді пайдалануда бағыт береді.

Негізгі түйінді ой	Оқу түрі, амал, тәсілдер, оқыту, оқу әрекеті
Ақындық бағдарламасы, жастарға үлгі беру –ақын мақсаты	Ақын бағдарламасын мәтіннен тауып оқу
Тыңдаушыға тілек, өтініш, түбі терең сөзді ұғынуға шақыру	Өзіндік ерекшелігін, тың ойын саралау
Бұрынғы ақындардың Әзірет Әліні жырлаушылардан өз артықшылығы, өз ақындығының ерекшелігі	Сұрақ-жауап әдісі (сұрақты дұрыс қоя білу) Түсіндірмелі әдіс (интерпретация) Салыстырмалы жұмыс.(пікірдің ұқсастық, айырмашылықтарын саралау) (ойлау дағдысы)
Өнерлі иесіне өсиеті, мәнсіз сөзді, мисыз күлкіні сынауы, Есіл өнерді қор етпеу туралы ақылы	Проблемалық сипаттағы сұрақтар Өлеңдегі «әсіре қызыл» деген не? Ақын не айтпақшы болған? «Өнердің қор болуы» «түбі терең сөз артық» деген ойды қалай түсінесің? «Ақын, сөз өнері және тыңдаушы Абай өлеңінде» атты іздендіру бағытында тұжырымды әңгіме- пікір өткізу. Қорытындыда бұл өлеңді алдыңғы екі өлеңмен салыстыра, байланыстыра, отырып әңгімелеу, әр өлеңнің негізіндегі ойды ақын стилін, әр өлеңнің өзіндік ерекшелігін саралау

6.2.1.1 Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.

ТалсыздықлуТалсырма. Үзіндідегі өлең мазмұнын анықта. үшін не істеу керектігін көрсеткен.

Өсиет, ақыл-нақыл сөздер	Өлең мазмұны
Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.	Көкірегі ояу жасқа өсиет еттім.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,	Сөз қадірін білетін жан

Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз, Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз	Сөзің мағыналы болсын, сөздің қадірін біл.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,	Құр бос іспен айналыспа
Есіл өнер қор болып кетер түзге.	Қолыңнан келетін істі жаса

Өлең Тапсырма . Шумақтардағы негізгі ойды анықтап, өлеңде берілуін көрсет

өнеге көрсетудің, қырсық, қиянатқа қарсы кү

Шумақ реті	Шумақта берілген ой	Тілмен көркемділігі
1,2	Өлеңді ермек үшін жазбауы Өлең жазудағы мақсаты	Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
3-5	Ақындық бағдарламасы Әсіресе, қызыл сөз емес, түбі терең сөз жазу	Сөз айттым "Өзірет Әлі", "айдаһарсыз", Мұнда жоқ "алтын иек, сары-ала қыз".
6	Тыңдаушыға қояр талабы, сөз қадірін түсінушілерге сын Сөздің сыртын емес, үшіне үңіл	Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей. Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ, Есіл өнер қор болып кетер түзге.

бт/ж. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.

ырған. Жақсы сөзді жастай тыңдап жаттық, әсері қы

Өлең аты	Өлеңнің көтерген проблемасы	Өлең идеясын ашып тұрған шумақ	Ақынның стилі
“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”	Жастарға үлгі беру Абай атамыз бұл жерде өлең-менің өмірім. Өлең менім барым деген мақсатта айтып отыр. Яғни, мен өлеңді еріккеннен, ермек үшін жазғаным жоқ, жазбаймында. Менім жан дүнием соны қалайды. Жан дүниемнің қалауымен деп айтып отыр. Өзің қаламаған іспен айналыспа.	Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,	Ақын өлең сөзді кімге арнауды, кімге айтуды ескертудегі мақсатын “үшін” шылауы арқылы беріп отыр. Сөзін «тасырға айтпай, «көңіл көзі ашық, көкірегі сезімді», сергек те талаптыларға айтуды қалайды. Талапты ақынның қасиетін көрсетуде қатыстық сын есімдерді шебер қолданады. Оның өсиеті - күле тыңдаған парықсыздарға

		Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.	сөзінді қор қылма! «Қызшыл», «қызықшыл» әуейілерге жолама! Арсыздық пен ақылсыздықтан, шаруасыздық пен маскүнемдіктен аулақ бол! Өсиетті жеткізуде болымсыздық етістігінің жұрнағын ұтымды қолданған.
--	--	-----------------------------------	---

Абай шығармашылығындағы ақындық болмысын, ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту, шығармаларын саралауда Қанипа Бітібаеваның әдістемесін қолдану қашанда маңызды. Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары Қанипа Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі - жас ұрпақты тәрбиелеуде қашанда маңызды. Қай дәуірде болмасын, ұрпақ тәрбиесі – толғандырар сұрақтың бірі болғандықтан, ұрпағымыз білімді, тәрбиелі болсын десек-талмай еңбек ету қажет. мен тәжірибесі - жас ұрпақты тәрбиелеуде қашанда маңызды. Қай дәуірде болмасын, ұрпақ тәрбиесі – толғандырар сұрақтың бірі болғандықтан, ұрпағымыз білімді, тәрбиелі болсын десек-талмай еңбек ету қажет. іл, мазмұнын біл, оның мәні тереңін ізде, сөздің қадір-қасиетін сонда ұғасың деп кеңес береді.